



№ 14

« 03 » 05 2022ж

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына арналған ХТII-ның педагогикалық білім беруді дамытуға бағытталған 03.05.2022 жылғы Жол картасының № 3.2, 4.2, 5.2, 5.6, 6.1, 7.1, 7.4, 8.1, 12.1 тармақтарын жүзеге асыру мақсатында төмендегі іс-шараларды іске асыру үшін

ӨКІМ ЕТЕМІН:

I. Педагогикалық білім беру факультеті декандары және кафедра меңгерушілеріне және заңгер-кеңесші Е.Матжановқа педагогикалық бағыттағы барлық 2021-2022 оқу жылындағы 1-3 курс студенттері мен I ші оқу жылы магистранттарына «Білім беру қызметтерін көрсету туралы келісімшартына» қосымша «Ұлттық біліктілік тест тапсыруды міндеттеу туралы» келісімге қол қоюды ұйымдастыруды 20.05.2022 ж. дейін аяқтау жүктелсін.

II. Қабылдау комиссия бөлімінің бастығы М.Байкулов, заңгер-кеңесші Е.Матжановқа 2022 жылы институтқа қабылданатын 1-курс білім алушылармен жасалынатын «Білім беру қызметтерін көрсету туралы келісімшартына» ҚР Білім және ғылым министрінің №83 бұйрығына 27.01.2016ж. енгізілген өзгерістерге сәйкес (№561 бұйрығы 12.11.2021ж.) негізінде 4-курс студенттеріне «Ұлттық біліктілік тест тапсыруды міндеттеу туралы» арнайы тармақты ендіру жүктелсін.

III. Педагогикалық білім беру факультеті декандары 2022-2023 оқу жылына педагогикалық бағыттағы 1-4 курст білім алушыларына арналған кәсіптік практика бағдарламаларын жаңарту, практикадан өту механизмі мен кредиттерін қайта қарау және кәсіптік практика туралы Ережеге тиісті өзгерістер енгізуді 25.05.2022 ж. дейін аяқтау міндеттелсін.

IV. АСБ және педагогикалық білім беру факультеті декандары жаңартылған педагогикалық бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұнына сараптама жүргізу мақсатында Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясымен келісімшарт жасасу 25.05.2022 ж. дейін жүктелсін.

V. Педагогикалық білім беру факультеті декандары 2022-2023 оқу жылына педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары бойынша қосымша құзыреттіліктер алу, заман талабына сай, сұранысқа ие маман болу және шағын жинақталған мектептерге қосымша мамандандырылған арнайы модуль (minor) 20-30 кредит көлеміндегі енгізуге ұсыныс беру 25.05.2022 ж. дейін жүктелсін.

VI. АСБ, педагогикалық білім беру факультеті декандары мен кафедра меңгерушілеріне 2022-2023 оқу жылына бакалавриат және магистратура бойынша педагогикалық білім беру бағдарламаларының элективті пәндер каталогының мазмұнын

000014

жаңарту және жаңа пәндерді енгізу, енгізілген жаңа пәндер бойынша кітаппен қамтамасыз ету 25.05.2022 ж. дейін АСБ және АҚО-мен бірлесіп отырып ұйымдастырылсын.

VII. АСБ, педагогикалық білім беру факультеті декандары мен кафедра меңгерушілеріне жаңа пәндерді сапалы оқытуды қамтамасыз ету үшін қосалқы қызметке оқытушы ретінде практикалық жұмыс тәжірибесі бар мектептен мұғалімдерді тарту, кафедралардағы ПОҚ-мын арнайы біліктіліктерін арттыруға арналған жоспарын жасауға, ұсыныс 25.05.2022ж. дейін ұйымдастыру жүктелсін.

VIII. Педагогикалық білім беру факультет деканы М.Кужаеваға, кафедра меңгерушісі Р.Елубаеваға Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының ББ Тізіліміне 6B01 Педагогикалық ғылымдар білім беру саласының 6B019 Арнайы педагогика даярлау бағыты бойынша жаңа ББ бағдарламаларының атауын анықтау, даярлау және лицензиялауға қажетті материалдарды даярлау 25.05.2022 ж. дейін жүктелсін.

IX. АСБ, заңгер-кеңесші Е.Матжанов, Педагогикалық білім беру факультеті декандары және педагогикалық бағыттағы кафедра меңгерушілеріне ғылыми бағыттағы бірлескен жобаларды жүргізу үшін өңірдегі педагогикалық колледждерімен консорциум туралы келісімге ұсыныс беру дейін жүктелсін.

X. АСБ, педагогикалық білім беру факультеті декандары мен кафедра меңгерушілеріне 2022-2023 оқу жылына дуалды оқыту бойынша білім алушылар контингентіне сәйкес мектепке дейінгі және орта білім беру деңгейінде мекемелерде кафедралар филиалдарының санын көбейтуге ұсыныс беруді 25.05.2022 ж. дейін қамтамасыз етсін.

XI. 2022-2023 оқу жылына педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру мақсатында және қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес "Өрлеу" БАҰО-да, НЗМ-де педагогикалық білім беру факультеті декандары, кафедра меңгерушілері мен ПОҚ-ның біліктілігін арттыру курстарынан кезең-кезеңімен өту 20.08.2022 ж.дейін ұйымдастырылсын. Ұйымдастыру және қадағалау Академиялық саясат басқармасына жүктеледі.

Өкімнің орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Бірінші проректор

А)

А.Абдуалы